


Бекітемін: *Мүсін*
№29 «Алтын Көпір» балалар жайы
Балалардың жетекшісі
К.С. Сейдалиева

«Жануарлар әлемі»



«Балбөбек» ерте жас

Тәрбиеші: Даулетова.Б

Шымкент 2022ж

Ашық ұйымдастырылған іс-әрекетінің технологиялық картасы.

Тобы: «Балбөбек» ерте жас тобы

-Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

Өтілетін күні: 15.12.2022ж

Тақырыбы: « Жануарлар әлемі».

Мақсаты: Балаларға жануарлар туралы түсінік беру , олардың үй жануарлары және жабайы жануарлар болып екіге бөлінетінін түсіндіру. Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, қалай дыбыстайтынын меңгерте отырып ойын ойнауға дағдыландыру.

Міндеті: Балалардың ойлау,есте сақтау қабілетін дамытуды жалғастыру.көңіл-күйлерін көтеріп,ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Көрнекіліктер:суреттер, ойындар таратпа құралдар аңдардың муляждары

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы козғаушы.	Бала бала балақан Кәне қайсы алақан Саусақтарың әйбат Былай былай ойнап	Балалар тындап отырады Тәрбиешімен қосылып айтады.
Ұйымдастырушы ізденушілік	- Балапандарым , сендерді ата әжелерің Ботақаным, қозым, құлыным, еркем, кішкентай лағым, қошақаным деп еркелетеді ма Сендерді ата - әжелерің жақсы көріп, сүйкімді жануарлардың аттарымен еркелетеді екен, қандай тамаша! - Балалар, осы сүйкімді жануарлар төрт түлікке жатады. Олар: түйе, жылқы, сиыр, қой,	Бастарын еңкейтіп көңіл күйлерін білдіріп отырады.

	ешкі. Түйенің баласы - бота, сиырдың баласы - бұзау, қойдың баласы - қозы, ешкінің баласы - лак, жылқының баласы - құлыншақ. - Балалар, тындандаршы, нелердің даусы? Жануарлардың дыбысы естіледі. Ойын: «Дауысынан таны» Шарты: Үнтаспадағы жануарлардың дауысынан қай жануар екенін табады. Ғажайып сәт: Күшіктің келуімен -Ав-ав ав - Сәлеметсіңдер ме балалар Мен сендердің дауыстарыңды естіп мені шақырып жатыр екен деп жүгіріп келдім. Және сендерге ойындар ала келдім. Менімен ойын ойнайсыңдар ма Ойын:«Аңдарды тамақтандыр» Шарты:Әр аңның сүйікті тағамын аузына салады. -Ботақандарым жабайы жануарлар орманда болады. далада,орманда тіршілік ететін жануарларды жабайы жануарлар дейміз. Оларға аю қасқыр түлкі қоян жатады Сергіту сәті: Қоянмен билейді	Дауысқа елеңдей қарайды Сұрақтарға жауап береді Күшікке тандана қарайды Балалар күшікке қоянға аюға сүйікті тағамдарын аузына салады Қоянмен бірге би билейді
--	---	--

Рефлексифті - түзетушілік	мекендерін көмектесейікші табуға Ойын: «Аласқан жануарлар» Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарларды ажыратып өз мекендерін табуға үйрету. Жылдамдыққа ептілікке үйрету Шарты: Жануарларға өз мекендерін тауып үй жануарларын –қораға, жабайы жануарларды- орманға апарып қояды Қорытынды Тәрбиеші: Балалар, бүгінгі ойындар сендерге ұнады ма? -Қандай жануарларымен таныстық? -Үй жануарларына не жатады? Неге үй жануары деп аталады? -Ал жабайы жануарларға не жатады? Олар қайда тіршілік етеді?	Аласқан жануарларды өз мекендеріне апарып орналастырады Бірлесе жауап береді
--------------------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі тиіс: жануарларының аттарын білу.

Менгеруі тиіс: Әр жануардың өзіне тән дыбыстары барын меңгерді

Үйренуі тиіс: Тақырыпқа сай әндер ойындар